

ХАТТАМА №2

«07» желтоқсан 2023 ж.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Құрманғалиев

Төраға орынбасары Н. Жанибекова

Қатысқаны : 11 адам

Қатыспағаны: 1 (себепті)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022-2023 оқу жылында балабақшада өткен жөндеу жұмыстары туралы
2. Қайырымдылық акциясы және әртүрлі мәселелер

/ Меңгеруші Г Шагиева /

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Балабақша меңгерушісі Г.Шагиева

Ағымдағы жөндеу жұмыстары кезіндегі атқарылған жұмыстарға есеп берді. 23 мамыр 2023жылғы мемлекеттік тапсырысқа байланысты КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайында» Кешенді жөндеу жұмысына « қабырға, еден, төбе, құбырларды жаңартуға» 23 968 000.00 (жиырма үш миллион тоғыз жүз алпыс сегіз мың теңге) бөлінді. Тендірді ТОО «СМУ ПРОМЭЛЕКТРОСВЯЗЬ» директоры С.Е. Киселев ұтып алды.

Маусым айының 19 жұлдызынан бастап балабақшада күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Жөндеу жұмыстары негізгі ғимараттың екінші қабаттағы төрт тобына , баспалдақ және су құбырларын толық жөндеу қарастырылған.

Жүргізілген жұмыстар төмендегідей:

- 1.Қабырғалар липкастап түзеп, үстінен түрлі түсті коллер қосылған эмульсия мен бояды. 2.Төбелер ескі бояуларынан қырып тазартылып, қайта боялды.
3. Едендер қайда жөндеп, тегістеліп, линолеум салынды, плинтустар мен бекітілді.
4. Әжетхана қабырғаларына, еденіне кафель жапсырылып төседі.
- 5.Су құбырлары түгелдей айырбасталды.
6. Барлық топтарға жаңадан балаларға арналған раковиналар, унитаздар аристондар, арнайы ыдыс аяқ жуатын раковина (мойка) орнатылды.
7. Баспалдаққа кафель төселді, қабырғалары липкасталып эмульсиямен боялды.

Балабақша есебінен тендірге қатысып: жүргізілген жұмыстар төмендегідей.

1. Бірінші қабатта орналасқан топтардың қабырғалары ақталды.
2. Еденге линолеум төселді.
3. Плинтустар қағылды.

4. Құбырлар жаңартылды,.
 5. Асхана мен дәрігер кабинеті қабырғалары мен еденіне кафель жапсырылып төселіп, 6. Төбесі липкаталып эмульсиямен ақталды.
 7. Дәліз қабырғалары түзетіліп , боялды.
 8. Дәліз еденіне кафель салынып.
- Сонымен қатар тендірге қатысып топтарға жаңадан 60 үстел мен 212 орындық алынды.

Меңгеруші Г.Шагиева

2023 жыл 29 қарашада балабақшада «Барымыз бала үшін» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акциядан түскен қаржы 200 600 тг. (екі жүз мың алты жүз теңге) құрады.

Жарыс сөз:

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары Н.Жанибекова

Барлық топтардың қабырғалары заманауи талапқа сай боялып,суреттер салынып,топтардың дамытушы ортасы безендірілген.Су құбырлары қайта тартылып,канализация деп жөндеу жұмыстары кезіндегі атқарылған жұмыстарға қанағаттанарлық деп баға берді.

Ата –ана Ұ.Мухаметқалымова

Қайырымдылық акциядан түскен қаржыға топтарға ойыншықтар алып беруді ұсынды.

Ата–ана Ш.Әділғазы

Балалабақшадағы жартылай жетім екі баланың айлық жарнасын қайырымдылық акциясынан түскен қаржыдан төлеуді ұсынамын.

Ата-ана Ж.Қайдаровна.

Қайырымдылықтан түскен қаржыны балабақшадағы жартылай жетім 2 балаға 50 мың теңгеден беріп , қалғанын балабақшаның қажетіне пайдалану туралы ұсыныс білдірді.

Қамқоршылық кеңес төрағасының, кеңес мүшелерінің пікірін тыңдай келе, қамқоршылық кеңес

ШЕШТІ:

1.Балабақша меңгерушісі Г.Шагиеваның ағымдағы жөндеу жұмыстары кезіндегі атқарылған жұмыстар туралы есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

2. Қайырымдылық акциясынан түскен 200600тг. /екі жүз мың алты жүз теңге/ қаржы балабақшадағы жартылай жетім екі баланың айлық жарнасы төленсін.

Кеңес төрағасы
Хатшысы:



Е.Құрманғалиев
А. Ақтайлакова